

Жеміс шаруашылығы және жидек шаруашылығы салаларын дамыту мақсатында 2007-2009 жылдары республикалық бюджеттен жеміс дақылдары мен жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға 4,9 млрд. теңге бөлінді, мұның есебінен 7,6 мың гектар алқапта жеміс дақылдарының және 2,4 мың гектар алқапта жүзімнің көп жылдық екпелері отырғызылды. Осы жоспарлардың орындалуына республикалық бюджеттен 2,1 млрд. теңге көлемінде қаражат бөлінді./4/

Жеміс-жидек дақылдарының және жүзімнің көп жылдық екпелерін отырғызуға және күтуге жеткілікті көлемде субсидия бөлінсе, 2019 жылға қарай жеміс пен жүзімге республиканың ұлттық тұтыну нормасы өз өндірісіміз есебінен қамтамасыз етіледі.

1. Н.Ә.Назарбаев, «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу. Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері», Президент және халық, №05, 5 ақпан 2010жыл;

2. Т.И.Есполов, Қ.М.Белгібаев, Ж.Ж.Сүлейменов, «Аграрлық экономика», Алматы, 2005ж.,125б.;

3. К.Елемесов «Мемлекеттік қолдау мен инвестициялық бағдарлама мал шаруашылығына бағытталуы тиіс», «Айқын», №186, 7 тамыз 2010ж.

4. Основные итоги развития агропромышленного комплекса и сельских территорий за 2009 год.«Министерство сельского хозяйства РК», Астана, 2010г.

В статье рассмотрены основные направления инновационного развития агропромышленного комплекса и пути достижения его экономической эффективности. Для того чтобы занять достойное место в мировой конкуренции, исполняя инновационные мероприятия по развитию отрасли сельского хозяйства, а также нужна будет государственная поддержка и привлечения инвестиции.

The article reviewed by main directions of innovative development of agro-industries and the ways to achieve its economic efficiency. In order to take a worthy place in the world competition in innovative activities for the promotion of agriculture, as well as the need for Government support and attract investment.

ӘОЖ 349.6

ВЕНЧУР - ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ
ЖАҢАШЫЛДЫҚ ӨРЕКЕТІ
VENTURE - INSTITUTES OF WHAT DEVELOP IN KAZAKHSTAN,
ATTEMPT OF INNOVATION

Закирова А.Т., Имранова Г.М., Каликов М.А.
A.T. Zakirova, G.M. Imranova, M.A. Kalikov

Халықаралық бизнес университеті

Венчурлық капитал (англ. Venture Capital) – инвесторлардың нарықтағы жаңа, өсу үстіндегі немесе бәсекелес кәсіпорындар мен фирмаларды қаржыландыруға арналған капиталы. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ технологиялық инновациялық бизнеске қаржы салатын, қазақстандық және және шетелдік капиталы бар венчурлық инвестициялық институттарын құруға қатысатын тұңғыш қазақстандық Қор болып табылады. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік ұстанымдарына негізделіп, жергілікті инвесторлармен бірлесіп құрылған Қазақстанның отандық 4 венчурлық қорының әріптесі болып табылады: «Сентрас» венчурлық қоры, АИТИҚ» АҚ, «Delta Technology Fund» венчурлық қоры, АИТИҚ» АҚ, «Өрекет» Жоғары технологиялар Қоры»

АҚ және «Logycom perspective innovations» АҚ. Бірлескен венчурлық қорларды құрудағы стратегиялық мақсат алдыңғы қатарлы батыстық технологияларға, оларды кейіннен Қазақстанға трансферттеу үшін, қол жеткізуге бағытталған. Бірлескен венчурлық қорларды құру, сондай-ақ, әлемнің жетекші технологиялық компанияларымен байланыс орнату үшін жақсы мүмкіндік болып табылады. Қор ұстанымы – білім, тәжірибе және технологиялар алмасудың ашық жүйесін құру.

«Венчур» – ағылшынның «venture» тәуекелді кәсіпорын дегенді білдіреді. Венчурлық капитал жеке бизнесті қаржыландырудың баламалы нысаны ретінде АҚШ-та 50-жылдардың ортасында пайда болды. Еуропаға ол тек 70-жылдардың соңында ғана келді. Венчурлық капитал пайда болғанға дейін әлемде шағын және орта бизнесті қаржыландыруды банктік капитал, ірі корпорациялар мен компаниялар және ауқатты адамдар, яғни «бизнес періштелерінің» қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылған.

Венчурлық бизнестің отаны – Силикон аңғары. Венчурлық бизнес арқасында АҚШ-та 100 мыңдаған жаңа жұмыс орындары пайда болып, миллиардтаған қосымша табыс әкелінді. Венчурлық капиталдың қалыптасуы уақыт бойынша компьютерлік технологияның қарқынды дамып, орта тап американдықтардың қалыптасып, әл-ауқатының өсуімен сәйкес келеді. Қазіргі заманғы компьютерлік бизнестің алыптары Apple Computers, Compaq, Sun Microsystems, Microsoft, Lotus, Intell венчурлық капитал көмегімен осы дәрежеге жетті. Сонымен қатар, персоналды компьютерлер мен биотехнология секілді жаңа салалардың да қарқынды дамуы негізінен венчурлық инвестицияның қатысуымен мүмкін болды. Еуропада венчурлық капитал пайда болмастан 15 жыл бұрын жеке кәсіпкерлер акционерлік капиталды қаржыландыру көздеріне қолы еркін жетпейтін. 80-жылдардың ортасынан бастап еуропалық салымшылар тұрақты табысы бар дәстүрлі активтерге аз қаражат салып, акцияларға инвестиция салу мүмкіндігіне қызығушылық танытты. Еуропадағы венчурлық индустрияның пионері – Ұлыбритания, әлемдегі қуатты қаржылық орталық. 1979 жылы осы елдегі венчурлық инвестициялардың жалпы көлемі 20 млн. фунт болса, 8 жылдан кейін бұл сома 6 млрд. Фунтқа жетті. Өткен онжылдықтағы Еуропадағы венчурлық бизнеске 46 млрд фунт шоғырланды және инвестициялаған жеке компаниялар саны 200 мыңға жуық. Еуропаның 20 елінде 500 венчурлық қор мен компания бар.

Венчурлық компаниялардың инвестиция салынуына байланысты мынадай түрлері болады:

Seed – «өсіруге арналған компаниялар» . Бұл тек идея жүзіндегі бизнес. Оны инновациялық проект түріне келтіру үшін қосымша зерттеулер, тәжірибелер жасауға, моделін құрастыруға белгілі бір қаржы бөлу керек. Егер инновациялық идея пайда әкелетіндей болса онда оны әрі қарай қаржыландыруға шешім қабылданады, ал егер ол тиімсіз болатындай болса онда әрі қарай қаржыландырылмайды.

Start-up – «жаңа ғана пайда болған компания». Бұл компанияда инновациялық процесстің алғашқы этаптары жүзеге асырылған. бұл компаниялар енді ғана құрылып жатқан, бірақ менеджмент командасы бар инновациялық процессті әрі қарай жалғастыруға дайын.

Early Stag - «бастапқы кезең». Компания инновациялық процесстің ең соңғы сатысында, яғни инновациялық өнімді рынокқа енгізіп коммерциялық жолға түсуге әзір. Бұл компаниялар инновациялық өнімді рынокта табысты сатып, қосымша зерттеулер жүргізуге қаржы алуға дайын.

Expansion – «кеңейу». Компаниялар кең түрде инновациялық өнімді сатып пайда табу үстінде. олар жаңа инновациялық проектке қаржы алғысы келеді.

Венчурлық капитал қайнар көздері ресми және бейресми секторларға бөлінеді.

Ұйымдық-құқықтық серіктес формадағы және бірқатар инновацияларын біріктіретін жеке және мемлекеттік зейнетақы қорларына ресми "венчурлық капитал фирмасының" қаржысы жатады.

Бейресми сектордың қатысушылары – венчур капиталдың жеке секторлары. Оларға "бизнес-періштелер" – бизнесте тәжірибесі бар мамандарды жатқызуға болады.

Бейресми инвесторлар өз еңбектерінің арқасында бірқатар қаржылық жинақтарды иеленеді. Көптеген "бизнес-періштелер" тікелей жаңа дамып келе жатқан фирмаларды қаржыландырады. "Бизнес-періштелер" АҚШ-та және көптеген Еуропаның елдерінде, сонымен қатар Оңтүстік Европада белсенді жұмыс жасайды.

АҚШ үшін сапаның көп бөлігіне жоғары технологияға, ақпараттақ технологияларға, биотехнологияларға венчурлық капитал көп бөлінген. 1999 жылы инвестициялардың 78 % осы салалар алған. Осындай динамикалық дамудың нәтижесінде 2003 жылы жоғары технологиялардың бөлігі ЖҰӨ-нің 15%, ал 2005 жылы 20-25% құрады.

Қазақстанда венчурлық капитал енді дамып келе жатыр. Инновациялық бизнес қатысушының айтуы бойынша ссуда, банктік сақтандыру капиталы, зейнетақы қорлары венчурлық жобалар болып табылады. Әрине, венчурлық қаржыландыруға бағытталған бірқатар жобалар жасалуда.

Қазақстан Республикасында инновациялық белсенділіктің өсуіне, жоғары техникалық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу мақсатында ұлттық инновациялық қор құрылған. Инновациялық қорды құру инновацияларды енгізудің тиімді және рыноктық тетіктерінің болмауының жүйелік проблемасын шешуі, венчурлық қаржыландыруды ынталандыруы тиіс. Венчурлық кәсіпорындарды дамыту мен қолдаудың пәрменді тетіктерінің бірі бизнес-инкубация процесі болып табылады, яғни табыстың мүмкіндігін айқындау әлі күрделі, оларды дамытудың әлі ерте, қауіпті кезеңінде инновациялық жобаларға қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ технологиялық компанияларды жедел дамыту үшін процесс. Технологиялық парктер (технопарктер) мен технологиялық бизнес-инкубаторлар Қазақстанның ҰИҚ-ның инновациялық құрылымының негізгі ұйымдастырушылық институттары болып табылады. 2007 жылға дейінгі кезеңде технологиялық парктердің құрамынан Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде және Қазақстанның жетекші техникалық, аграрлық және медициналық жоғарғы оқу орындарының жанынан кем дегенде 12 арнайы технологиялық бизнес-инкубаторлар және технопарктер жанындағы 8 оқу орталықтарын құру болжануда. Бизнес-инкубаторларда жұмыс үшін компаниялар мен инновациялық кәсіпорындарды іріктеу өтініш берушінің жеке басына, ғылыми дәрежелері мен атақтарының болуына қарамастан жобалар мен идеялардың конкурсы ретінде конкурстық негізде жүргізілетін болады. Технопарктерді деңгейлер бойынша олардың ҰИҚ элементтері мен қатысушыларына бөлу Қазақстанның инновациялық дамуының жағдайы үшін мейлінше қолайлы болып табылады:

- ұлттық ғылыми-технологиялық парктер;
- өңірлік технологиялық парктер.

Қазіргі уақытта мынадай ұлттық ғылыми-технологиялық парктер құрылуда: ақпараттық технологиялар паркі, биотехнологиялар паркі, ядролық технологиялар паркі, жаңа материалдар паркі, агротехнологиялар паркі және басқалары. Ұлттық ғылыми-технологиялық парктерді дамытудың нақты бағыттарын айқындау, оларды технологиялық толтыру бойынша жұмысты ұлттық ғылыми-технологиялық парктерді құру мен дамытуға жауапты тиісті уәкілетті орган ұлттық және өңірлік технопарктерді құру және дамыту жөніндегі қызметті үйлестіруді тікелей жүзеге асырушы ұйым ретінде "Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» акционерлік қоғамымен, сондай-ақ өзге де мүдделі органдармен бірлесіп жүргізетін болады. Инновациялық белсенділікті ынталандыруда барынша жалпы ұлттық әсерге қол жеткізу үшін өңірлік технопарктерді дамыту саласында қолданыстағыларға толықтыру енгізу, мынадай өңірлерде төрт өңірлік технопарк құру қажет: шығыс Қазақстан облысы, оңтүстік Қазақстан облысы, солтүстік Қазақстан облысы, Астана қаласы.

Институттар инвестициялық ортаны жақсартудағы «локомотив» рөлін ойнайды. Қор жұмыс істеген уақытта ірі және орта бизнеске арналған инвестициялық құралдардың көптеген түрлері әзірленіп, енгізілді, экономиканың шикізаттық емес секторларда сынақ

жобалар басталды, инфрақұрылымдық жобалар іске асырыла бастады, нақты инвестициялық жобаларға қолдау көрсетуге бағытталған ақпараттық және институционалдық база жұмыс істейді.

Мемлекет инновациялық даму үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы, халықтың инновациялық белсенділігін ынталандыра отырып, инновациялық қызмет саласында өндірістік кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін болады. Республикада қолайлы инновациялық ахуал жасау Қазақстанның әлеуметтік бағдарланған және нарықтық экономикасы дамыған жоғары индустриалды елге айналануының негізгі факторы болып табылады.

-
- «Терминология венчурного финансирования» Воронцов А.С, Ивина И.К
 - Journal of Financial Economics 1999 – v.51. – №2. – p. 6-10
 - «Кәсіпорын экономикасы» Оразалин К.Ж. Алматы 2007ж.
 - Фонштейн Н.М: Основы реализации результатов НИОКР и технологии. – М., 1999. – 272 стр.
 - Интернет сайттары.

Венчурлық қорлардың инвестициялық саясаты экспорттық әлеуеті бар келешегі үмітті салаларда жобалар іздестіру мен тартуға бағытталған. Мұндай әріптестіктің мақсаты – болашақта өсуі үшін және экономикалық тиімді әрі сұранысқа ие өнім өндіру мүмкіндігі бар инновациялық жобаларды олардың дамуының түрлі сатыларында жеке және тартылған ақша есебінен инвестиция салу арқылы дамыту.

Инвестиционная политика венчурных фондов направлена на поиск и привлечение проектов в перспективных отраслях, имеющих экспортный потенциал. Цель такого сотрудничества - развивать инновационные проекты, имеющие высокий потенциал для дальнейшего роста и вероятность производства экономически выгодной и востребованной продукции путем инвестирования в эти проекты собственных и привлекаемых денег на различных стадиях их развития.

Investment policy of venture funds is running to search and involve projects with export potential in perspective sectors. The aim of such cooperation is to develop innovation projects with high potential of future growth and possibility to produce economically profitable and in-demand goods by means of investing of the owned as well as attracted money to these projects on different stages of their development

УДК 343.268 (574)

ОСОБЕННОСТИ ПРАВОВОГО ПОЛОЖЕНИЯ ОТДЕЛЬНЫХ КАТЕГОРИЙ ЛИЦ, НАХОДЯЩИХСЯ НА ПРИНУДИТЕЛЬНОМ ЛЕЧЕНИИ

SPECIFIC NATURE OF LEGAL STATUS FOR CERTAIN CATEGORIES OF PEOPLE BEING ON COMPULSORY TREATMENT PROGRAM

**Исмаилова Д.Ш.
D.Sh. Ismailova**

Казахский национальный аграрный университет

Аннотация Данная статья посвящена правовым проблемам нормативно – правового обеспечения статуса отдельных категорий лиц, находящихся на принудительном лечении. В